

Мемлекеттік меншікті /мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарынан басқаларын/ жекешелендіруден алынған қаржының келіп түсуі мен бөлінуінің ТӘРТІБІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті 1993 жылғы 9 шілдедегі N 9/1352 Хаты. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 3 қазанда тіркелді. Тіркеу N 16. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті N 9/1352 1993 ж. 9 шілде	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі N Ф-9-1/3778 1993 ж. 12 шілде	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі N 24016/91 1993 ж. 16 шілде
Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі N _____ 1993 ж." " _____	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі N 5/4-1504 1993 ж. 12 шілде	

I. Жалпы ереже

Осы тәртіп Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік меншікті / мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарынан басқаларын/ жекешелендіруден алынған қаржының келіп түсуі мен бөлінуінің тәртібі туралы" 1993 жылғы 22 маусымдағы N 1275 қаулысын жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

II. Қаржының келіп түсуінің тәртібі

1. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден алынған ақша қаражаты толық көлемінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық басқармаларында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің N 609 баланс шотының арнаулы қосымша шоттарына жазылып, аумақтық комитеттерге құжаттар тапсырылады.

2. Шағын жекешелендіру шеңберінде аукцион және конкурс арқылы сатудан түскен ақша қаражаты мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттердің "

Тапсырмалар бойынша сомалар" деген ағымдағы қосымша шотына жазылып, жекешелендірілген объектілердің қарызы өтелгеннен кейін N 609 баланс шотының арнаулы қосымша шотына аударылады.

3. 1991-1992 жылдарда жекешелендірілген мемлекеттік объектілер үшін ақша қаражатының келіп түсуінің бұрын белгіленген тәртібі сақталды.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің облыстық басқармалары әр айдың 23-інде арнаулы қосымша шоттардан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне МФО 190501109, Алматы қаласының Бас Есеп айырысу-Касса орталығында ашылған 609504 арнаулы қосымша шотқа қаржы аударды.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті жекешелендіруден түскен қаржыны әр тоқсан сайын жаңа тоқсандағы бірінші айдың 5-інде, ал төртінші тоқсанда ағымдағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей 609504 арнаулы қосымша шоттан республикалық бюджеттің кірісіне Ұлттық банк есебінің символы "Мемлекеттік меншікті сатып алудан, акционерлендіруден және өткізуден түскен қаржы" деген 23 тарауға аударылады.

6. Осы тәртіп қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

Меммүлікком	Қаржы	Ұлттықбанк
Төрағасының	министрінің	басқармасы
Бірінші орынбасары	Бірінші орынбасары	Бірінші орынбасары
Экономика министрінің		Әділет министрінің
Бірінші орынбасары	Бірінші орынбасары	
Қазақстан Республикасының	Қазақстан	Қазақстан
Мемлекеттік мүлік	Республикасының	Республикасының
жөніндегі мемлекеттік	Қаржы	Ұлттық
комитеті	министрлігі	банкі
N 9/2838	N Ф-20/5692	N 174
"26" 07 1994 ж.	"05" 09 1994 ж.	"29" 08 1994 ж.

"Мемлекеттік меншікті/мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарынан басқаларын/ жекешелендіруден алынған қаржының келіп түсуі мен бөлінуінің тәртібіне" өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1993 жылғы 9, 12 және 16 шілдедегі N 9/1352, Ф-9-1/3778, 240016/91, 5/4-1504 хатына - "Мемлекеттік меншікті /мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарынан басқаларын/ жекешелендіруден алынған қаржының келіп

түсуі мен бөлінуінің тәртібіне" мынадай өзгерістер енгізіледі:

1. 4-тармақта "әр айдың 23-де" деген сөздер "он күн сайын /1,11,21-лерінде/" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 5 - тармақта "тоқсан сайын" деген сөздер "ай сайын" деген сөздермен ауыстырылсын.

Осы өзгерістер қол қойылған және жергілікті жерлерде алынған сәтінен бастап күшіне енеді.

Меммүлікком
Төрағасының
Бірінші орынбасары

Қаржы министрінің
бірінші орынбасары
Бірінші орынбасары

Ұлттықбанк
Төрағасының